

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы «Рауан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны жанындағы марапаттауға ұсыну жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

№1

2023 жыл 04 қыркүйек

Байғанин ауданы

**Төрағалық етуші:** 1. Г. Исмаилова - «Рауан» бөбекжай балабақшасының мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бастауыш кәсподақ төрайымы, комиссия төрайымы

**Хатшы:** С. Ұзақбай – «Рауан» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі;

Комиссия мүшелері:

2. А. Айтжанова - «Рауан» бөбекжай балабақшасының шаруашылық меңгерушісі;

3. Д. Сағындықова - «Рауан» бөбекжай балабақшасының тәрбиешінің көмекшісі;

4. А. Хисамединова - «Рауан» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі;

**Күн тәртібінде:**

1. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы «Рауан» бөбекжай балабақшасы қызметкерлерін Оқу-ағарту министрінің марапатына ұсыну туралы

**Талқыланды:**

«Рауан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны қызметкерлерінің қолдаулары негізінде, комиссия отырысына келіп түскен ұсыныстарды саралай келе, «Рауан» бөбекжай балабақша МКҚК –ның жанындағы білім саласы қызметкерлерін марапаттау жөніндегі комиссия ауданның білім беру саласын дамытуда үздіксіз қызмет етіп, шығармашылық жұмыстармен жетістіктерге жетіп жүрген «Рауан» бөбекжай балабақшасының 32 жыл өтілі бар меңгерушісі Бөлекова Жансая Өмірзаққызы ауданның білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, Білім және Ғылым Министрінің марапатына ұсыну туралы мәселе талқыланып, «Оқу – ағарту министрінің Құрмет грамотасына» ұсынады.

**Сөз сөйлеушілер:**

**1. А. Хисамединова – бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі:**

Бөлекова Жансая Өмірзаққызы өз еңбек жолын 1989 жылдан мұғалім болып қызмет етіп бастаған, жалпы педагогикалық еңбек өтілі 32 жылдан асып тұр. 2006 – 2016 жылдар аралығында аудандық білім бөлімінде әдіскер болып еңбек еткен, кейін 2016 жылдан бастап осы «Рауан» бөбекжай балабақшасы меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Басшы ретінде көптеген жаңашылдыққа жол бастап, ұжымдағы әр қызметкеріне қолдау білдіріп отырады. Мекеме меңгерушісі – әріптесімізді марапатқа лайық деп есептеймін.

**А. Айтжанова - «Рауан» бөбекжай балабақшасының шаруашылық меңгерушісі;**

Балабақшамыздың материалдық базасын жаңартып, толықтыру барысында жасаған еңбегі өте зор, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Жансая Өмірзаққызы марапатқа лайық деп есептеймін.

**Д. Сағындықова - «Рауан» бөбекжай балабақшасының тәрбиешінің көмекшісі;**

Меңгерушіміз Жансая Өмірзаққызының бастамасымен көптеген жаңа бастамалар іске асырылып жатыр, барша әріптестеріміз жаңа идеяларға қолдау көрсетіп бірлесіп іске асырылып отырады. «Оқу – ағарту министрінің Құрмет грамотасына» лайықты деп есептеймін.

**Шешім қабылданды:**

«Рауан» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Бөлекова, Жансая Өмірзаққызы «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасына» марапаттауға ұсынылды.

Төрағалық етуші:

*Мәжіл -*

Г.Исмайлова

Хатшы:

*С.Ұзақбай*

С.Ұзақбай

Комиссия мүшелері:

*А.Айтжанова*

А.Айтжанова

*А.Хисамединова*

А.Хисамединова

*Д.Сағындықова*

Д.Сағындықова

